

Мұғалжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 541 "2021-2023 жылдарға арналған Ақкемер ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 наурыздағы № 25 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 30 наурызда № 8185 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мұғалжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 541 "2021-2023 жылдарға арналған Ақкемер ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7938 тіркелген, 2021 жылдың 12 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

2) тармақшасында:

шығындар – "70 365,0" сандары "71 438,6" сандарымен ауыстырылсын;

5) тармақшасында:

бюджет тапшылығы (профициті) – "0,0" сандары "- 1 073,6" сандарымен ауыстырылсын;

6) тармақшасында:

бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – "0,0" сандары "1 073,6" сандарымен ауыстырылсын;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – "0,0" сандары "1 073,6" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Мұғалжар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық мәслихатының
2021 жылғы 25 наурыздағы № 25
шешіміне қосымша

Мұғалжар аудандық мәслихатының
2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 541
шешіміне 1 қосымша

2021 жылға арналған Ақкемер ауылдық округ бюджеті

санаты				сомасы (мың теңге)
	сыныбы		атауы	
		кіші сыныбы		
			1. КІРІСТЕР	70 365,0
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	2 710,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 710,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	82,0
		3	Жер салығы	440,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 188,0
4			Трансферттердің түсімдері	67 655,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	67 655,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	67 655,0

функционалдық топ				сомасы (мың теңге)
	кіші функция		Атауы	
		бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
			бағдарлама	
			II. ШЫҒЫНДАР	71 438,6

01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	17 754,6
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	17 754,6
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17 754,6
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17 754,6
07				Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	2 500,0
	3			Елді мекендерді көркейту	2 500,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 500,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 500,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 000,0
12				Көлік және коммуникация	3 400,0
	1			Автомобиль көлігі	3 400,0

		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 400,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 400,0
15				Трансферттер	47 784,0
	1			Трансферттер	47 784,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	47 784,0
			051	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	47 784,0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(- 1 073,6
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1 073,6
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1 073,6

	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	1 073,6
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 073,6
			01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 073,6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК